

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттілік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен _____ <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақы төлейді, ал Жеткізуші Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген Тауардың бірлік бағасына, атауына, санына, жиынтығына сәйкес, Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Тауарды жеткізуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Тауар бұрын қолданыста пайдаланылмаған жаңа болуы керек.

1.4. Тауарды жеткізу мына мекенжайда жүзеге асады: Алматы қаласы, Ермак көш., 24 (бұдан әрі - Нысан).

1.5. Тауардың және Жұмыстың саны, бірлігі үшін бағасы, сипаттамасы Шарттың 1-Қосымшасында көрсетілген.

1.6. Осы Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктемелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін тауарды жеткізу және жұмысты орындау туралы Қағидаға сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт.

2) Тауар – Шарттың 1.1.- тармағында көрсетілген нәрселер (заттар).

3) Жұмыстар – Шарттың 1.2.-тармағында көрсетілген, заттық мәні бар іс-әрекет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмысқа жатқызылған басқа да іс-әрекет.

1.7. Жұмысты орындау мына мекенжай бойынша жүргізіледі: Алматы қ., ул. Ермак көш., 24, Достық д-лы, 136, Қонаев көш., 181 (бұдан әрі – Нысан). Жеткізуші Жұмыстарды өз күшімен және құралдарымен меншікті материалдары мен құрал-жабдықтарын қолдана отырып орындайды.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Тауар құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса)>* кіреді.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауар жеткізуге байланысты барлық шығындары кіреді.

Шарттың Жалпы сомасы Тауардың бірлігіне бағаны өзгертпестен сатып алынған тауарлардың нақты санына байланысты азаюы мүмкін. Осыған байланысты Тараптарға Шартқа қосымша келісім бекіту талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны Тауарды қабылдау-өткізу актісінде (бұдан әрі – Акт) көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

- Тауар жеткізу фактісі және тиісті Жұмыстарды орындау бойынша Шарттың Жалпы сомасының 100% (жүз пайызы) көлемінде Жеткізушіден белгіленген тәртіпте ресімделген электронды шот-фактураны, жүк құжаттамаларын алған күннен бастап және Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған Тауарды қабылдау-өткізу Актісі және Жұмыстарды орындау Актісі (бұдан әрі – Актілер) негізінде 10 (он) операциялық күн ішінде жүзеге асырады.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша _____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі *<цифрмен>* *<(жазбаша)>* *<күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)>* күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіге Тауардың жеткізу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың саны мен сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғалар туралы хабарлауға;
- 2) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші жеткізген Тауарларды Акт негізінде қабылдауға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға **міндеттенеді**.
- 4) кепілдік мерзімі кезеңінде Тауарды сақтау/пайдалану талаптарын сақтауға;
- 5) Шарт талаптарына сәйкес, Жұмыстарды орындау кезеңінде Жеткізуші қызметкерлерін Нысандарға кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге, рұқсат беру және ішкінысандық режимдері бойынша Жеткізуші қызметкерлерін нұсқаулықтан өткізуге;
- 6) Шарт талаптарына сәйкес Акті негізінде Жеткізуші орындаған Жұмыстарды қабылдауға;
- 7) Тауар өндірушінің және Жеткізушінің Тауарды техникалық пайдалану бойынша ескертулері/нұсқаулықтарын сақтауға міндеттеледі.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тауардың сапасына және санына оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Жеткізуші жеткізетін Тауардың жеткізу барысын, Тауардың саны мен сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- 3) Тауарды/ орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде кемшіліктер, ескертулер, толықтығына және (немесе) моделіне сәйкессіздіктер, шала істеулер, қателер, іркілістер, оның ішінде жасырыны бар (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оны жаңа, бағасы бойынша ұқсас және тиісті сападағы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруды немесе ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарды қабылдаудан/орындалған Жұмыстарды және оған ақы төлеуден бас тартуға;
- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болғанда Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 6) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.
- 7) Жеткізушіден Жұмысты орындау кезінде қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі қағидалары бойынша нормаларды сақтауын және Тапсырыс берушінің мүлкіне мұқият қарауын талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарға сәйкес тиісті сападағы Тауарды жеткізуге;

- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жойылу, бүліну немесе кездейсоқ бұзылу тәуекелін көтеруге;
- 3) Тауардан/ орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды, оның ішінде жасырын бар, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды сапасы мен бағасы ұқсас жаңа Тауарға ауыстыруды және/ немесе орындалған Жұмыстарда ақауларды жоюды жүзеге асыруға;
- 4) кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қою күнінен бастап 12 айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;
- 5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.
- 10) Тауар жеткізу кезінде тиісті сәйкестік сертификаттарын және басқа да Тауар сапасын куәландыратын және техникалық регламенттермен бекітілген талаптарға Тауардың сәйкестігін растайтын құжаттарды (егер Тауар міндетті сертификаттауға жататын болса) беруге;
- 11) Тапсырыс беруші Объектіде бекітілген рұқсатнамалық және ішкінысандық режимдер талаптарын сақтауға;
- 12) Шарт бойынша міндеттемелерін орындау уақытында Жеткізуші кінәсінен келтірілген зиян немесе кеткен қателіктер себебінен Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың қойған даулы мәселелерін (үшінші тұлғалардың талаптары және/немесе сындары) Тапсырыс берушіні іске араластырмай өздігінен өз қаражаты есебінен шешуге;
- 13) Тауарды өздігінен немесе өз өкілі арқылы (уәкілетті сенімді тұлға) өз күшімен және өз есебінен Тапсырыс берушінің қоймасына жеткізуге;
- 14) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағанына байланысты, оның ішінде ақаулы Тауарды ауыстыру және орындалған Жұмыстағы ақауларды бойынша шығыстарды өздігінен көтеруге;
- 15) связи с ситуацией COVID-19 жағдайына байланысты өз қызметкерлерін Тауар жеткізу және орнату бойынша Тапсырыс берушімен байланыс кезінде медициналық бетперденің болуын қамтамасыз етуге;
- 16) Жұмыстарды толық көлемде, тиісті (жоғары) сапада, Шарт талаптарында көзделген мерзімде орындауға және оларды Тапсырыс берушіге қос Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған Акті негізінде тапсыруға;
- 17) Нысанға кіруді және кіру рұқсаты қағазын ресімдеу мақсатында Шартқа уәкілетті өкілдер

қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қызметкерлердің олардың жеке мәліметтері көрсетілген тізімін беруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем алуға;
- 2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпей жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге **құқылы**.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні – Шарт күшіне енген күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн.

4.2. Тауарды жеткізу орны: Алматы қ., Ермак көш., 24.

4.3. Тапсырыс беруші Жеткізушімен бірге жеткізілетін Тауардың сапасын, санын және оның Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, Тапсырыс берушіде жеткізілген Тауар саны мен сапасы бойынша Жеткізушіге ескертулері мен келіспеушіліктері болмаған жағдайда, қос Тараптың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

4.4. Қос Тараптың уәкілетті тұлғалары соңғы Актіге қол қойған күн Шарт бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындаған күн болып табылады.

4.5. Тауар сапасы жеткізілетін Тауарға қойылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы стандарттарына, халықаралық стандарттарға, өндіруші зауыттың техникалық талаптарына және Шарт талаптарына сәйкесуі тиіс. Тауарда механикалық зақым, механикалық әсер іздері және сыртқы орта әсерінен болған ақаулары болмауы тиіс. Тауар жиынтығы Ерекше нұсқамаға (Шартқа 1-Қосымша), тиісті түрдегі Тауар жиынтығына қойылатын техникалық құжаттамалар мен талаптарға сәйкесуі тиіс.

4.6. Жеткізуші Шартта көзделген Жұмыстарды орындағаннан кейін, Тапсырыс берушіні бұл туралы хабарландырады және Актіні қол қою үшін жібереді.

4.7. Тапсырыс берушіде орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тараптың уәкілетті өкілдері Актіге қол қояды.

4.8. Тапсырыс берушіде орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болған жағдайда, орындалған Жұмыстарды қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген ақауларды (кемшіліктер, ескертулер, шала істелгендер, сәйкессіздіктер) өз есебінен жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 12 айдың ішінде Тапсырыс берушінің ұсынған нысаны бойынша кепілгердің міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Егер кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауардан және/немесе орындалған Жұмыстардан, оның ішінде жасырыны бар, Тапсырыс беруші ақаулар тапса, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша түрде анықталған ақаулар туралы хабарлама жібереді. Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап <5 (бес) күнтізбелік > күн ішінде ақаулы

Тауарды жаңа, сапасы мен бағасы ұқсас (немесе жақсартылған сапалық сипаттамаларды) Тауарға ауыстыруды барлық анықталған ақауларды жоюды өз есебінен жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда -Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, әр кешіктірілген <күнтізбелік> күн үшін Шарттың Жалпы сомасының (Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 1%, Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының <5% (бес пайызынан)> аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақауы бар Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы /орындалған Жұмыстағы ақауды жою мерзімін бұзған жағдайда - ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) ауыстыру күнін немесе Тауардағы/орындалған Жұмыстағы ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әр <күнтізбелік> күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан <0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайызы)> мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының <5% (бес пайызынан) > аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Егерде ақауларды жою және (немесе) ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Жеткізуші Тауарды қабылдау-өткізу барысында <толтыру> _____ ақауы бар Тауар құнының <10 % (он) пайызы> мөлшерінде айыппұл төлейді;
- кепілдік мерзімі кезінде Жеткізуші ақауы бар Тауар құнының <10 % (он пайызы)> мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте

бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Тараптардың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының <10% (он пайызы) > мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.10. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне Шарт бойынша нақты көрсетілген және Тапсырыс беруші қабылданған Тауар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда

Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 2.1-тармағының үшінші бөлігінде және 10.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларың және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты

ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес көтереді жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О.(қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – аты-жөні.

Портал закупок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

